



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 4 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

2012 жылғы 18 қаңтар

*«Қазақстан Республикасының кейбір
заңнамалық актілеріне валюталық реттеу
және валюталық бақылау мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
2012 жылғы 6 қаңтардағы
Қазақстан Республикасының Заңы туралы*

Қазақстан Республикасының Президенті 2012 жылғы 6 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) қол қойды.

Заң:

- кедендік ресімдеуге қажетті құжаттар санын азайтуға әкеліп соқтыратын мәміле паспортын ресімдеу рәсімін сыртқы сауда келісімшартын есептік тіркеу рәсіміне ауыстыруды;

- 2010 жылғы 5 шілдедегі Жеке тұлғалардың кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шартқа (2011 жылғы 17 қаңтардағы № 389 Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған)¹ сәйкес келтіру мақсатында қолма-қол ақшаны және ақша құралдарын Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету тәртібін көздейтін «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабын өзгертуді;

- валюталық реттеу рәсімдерін нақтылауды және резиденттердің валюталық операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыру тәртібін жеңілдетуді көздейді.

Заң 2012 жылғы 17 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды және 2012 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң).

Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәміле паспортын ресімдеу рәсімін сыртқы сауда келісімшартын есептік тіркеу (банк штампының мөртаңбасын келісімшартқа қою жолымен) рәсіміне ауыстыруды көздейтін Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесінің жобасын (бұдан әрі – ЭИВБ ережесі) жаңа редакцияда әзірледі.

¹ 2011 жылғы 20 қаңтардағы ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз релизін қараңыз (http://www.nationalbank.kz/cont/publish559407_6493.pdf)

Қазіргі уақытта жаңа редакциядағы ЭИВБ ережесінің жобасы заңнамада белгіленген тәртіппен келісу рәсімінен өтуде. Осыған орай, жаңа редакциядағы ЭИВБ ережесі қабылданғанға дейін «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы №86 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесі қолданылады.